

**№36 мектеп-гимназиясының «Қамқоршылық Кеңесі» отырысының
хаттамасы**

Күні: 27.08.2021ж.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстар туралы мектептің Қамқоршылық кеңесінің есебі
2. 2021-2022 оқу жылына арналған Қамқоршылық Кеңес төрағасы мен мүшелерін сайлау.
3. Қамқоршылық Кеңестің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау.

Тыңдалды:

1. Қамқоршылық кеңестің төрайымы А.Аменова 2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы «...Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларымен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру» бағытында атқарылған жұмыстар туралы айтты.
2. 2021-2022 оқу жылында Қамқоршылық Кеңес мүшелері отбасылық және жеке мәселелерге байланысты кеңес құрамынан босатуды сұрады.
3. Сағындықова Айнұр: жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын ұсынып, кеңес мүшелері талқылауға салды.

Ұсыныс:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. 2021-2022 оқу жылында Қамқоршылық Кеңестің жаңа құрамы бекітілсін.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Хатшы:

А.Аменова

А.Муфтахова